

FTAXP: 03.02

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

Қабыл А.Ә.*

аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК. ТҰЛҒА. ТАНЫМ**

***Автор-корреспондент:** algabek-kabil@mail.ru

Түйін: Мақалада Қазақстан тарихындағы XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихындағы Тәуелсіздік үшін күрескен көшбасшы тұлғалар туралы баяндалады. Тарихты оқытуда жан-жақты білім беріп ғана қоймай оқушылардың бойында патриоттық қасиеттерді дарытып тәрбиелеу де маңызды орын алатыны белгілі. Оның ішінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын баяндауда жас буын өкілдеріне ұлт - азаттық көтерілістердің отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер мен қатысқан тұлғалардың ерлік істерін бағалау, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру, қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде білім берудің танымдық-әдістемелік түрлерін қолдану және т.б. жұмыс түрлерін жүзеге асырудың маңызы зор. Қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне қайта-қайта назар аударып жүтінгеніміз жөн. Ал ол ұлт-азаттық күрес тарихымыз шынайы болуы тиіс, сондықтан халқымыздың басынан өткен ұлт-азаттық қозғалыстар мен тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы өзекті болып қала бермек.

Кілт сөздер: ұлт-азаттық қозғалыс, тұлға, таным, тәуелсіздік, Қазақстан тарихы, тарихи қайраткерлер

МРНТИ: 03.02

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

Кабыл А.А.*

старший ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**ИСТОРИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ
В КАЗАХСТАНЕ В XVIII-XIX ВЕКАХ:
НЕЗАВИСИМОСТЬ. ЛИЧНОСТЬ. ПОЗНАНИЕ**

***Автор-корреспондент:** algabek-kabil@mail.ru

Аннотация: в статье рассказывается о лидирующих личностях, боровшихся за независимость в истории национально-освободительных движений, существовавших в истории Казахстана в период XVIII-XIX веков. Известно, что в преподавании истории важное место занимает не только всестороннее образование, но и воспитание у учащихся патриотических качеств. В том числе в изложении истории национально-освободительных движений, имевших место в период XVIII-XIX веков, представителям молодого поколения разъяснить антиколониальный характер и историческую сущность национально - освободительных восстаний, оценить героические поступки исторических деятелей и лиц, руководивших борьбой, ориентировать на проведение исследовательских поисков, использовать познавательно-методические формы обучения руководителей движений, хода восстания и т.д. Большое значение имеет осуществление видов работ. Необходимо вновь и вновь обращать внимание на историю нашего прошлого, в том числе на национально-освободительную борьбу нашей нации, на укрепление позиций современной независимости. История национально-освободительной борьбы должна быть подлинной, поэтому история национально-освободительных движений и борьбы за независимость нашего народа остается актуальной.

Ключевые слова: национально-освободительное движение, личность, познание,

IRSTI: 03.02

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

Kabyl A.A.*

senior teacher M.Auezov, SKU. Shymkent, Kazakhstan

**THE HISTORY OF THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT
IN KAZAKHSTAN IN THE XVIII-XIX CENTURIES:
INDEPENDENCE. PERSONALITY. COGNITION**

***Correspondent author:** algabek-kabil@mail.ru

Abstract: the article tells about the leading personalities who fought for independence in the history of national liberation movements that existed in the history of Kazakhstan during the XVIII-XIX centuries. It is known that in teaching history, an important place is occupied not only by comprehensive education, but also by educating students of patriotic qualities. Including in the presentation of the history of the national liberation movements that took place during the XVIII-XIX centuries, representatives of the younger generation should explain the anti-colonial nature and historical essence of the national liberation uprisings, evaluate the heroic deeds of historical figures and persons who led the struggle, focus on conducting research, use cognitive and methodological forms of training for leaders of movements, the course of the uprising, etc., The implementation of types of work is of great importance. It is necessary to pay attention again and again to the history of our past, including the national liberation struggle of our nation, to strengthen the position of modern independence. The history of the national liberation struggle must be authentic, therefore the history of the national liberation movements and the struggle for the independence of our people remains relevant.

Keywords: national liberation movement, personality, cognition, independence, History of Kazakhstan, historical figures

Kіріспе

2021 жылдың 5-қаңтар күні «EGEMEN KAZAKSTAN» газетінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарияланды. Мемлекет басшысы Тәуелсіздік құндылығы жастардың жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек екендігін айта келіп, «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.» деп атап өткен болатын [1]. Ия, Тәуелсіздік - киелі ұғым. Жер шарында мыңдаған этнос болса, мемлекет болып отырғаны 200-ден ғана асады. Ал осы тәуелсіздікке жету жолында біз талай күрделі кезеңдерден өттік. Бүгінгі күнге жеттік. Бұл бізге, ұрпаққа бұйырған бақыт, біз осыны бағалай алуымыз керек. Осы жерде академик Сұлтан аға Сартаевтың «тәуелсіздік деген сезімнен қуанышты, өрісті, дәрісті сезім жоқ. Әрбір мемлекеттің өміріндегі бақытты шақ – тәуелсіздік шағы.» деген сөзі ойға оралады [2].

Әр адам, оның ішінде жас буын өкілдерінің, оқушылардың, білім алушылардың төл тарихына деген танымдық ынталары болуы керек. Бұл өз бойларында патриоттық қасиеттерді арттыра түсетіні айқын. Қазақтың үлкен тарихшы ғалымы, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев Отандық тарихтың қатпарлы сырларын ашып, терең зерттеу жүргізген, өзіндік дамуына өлшеусіз үлес қосқан, елеулі еңбек етіп, тарих саласында басшылық жасаған адам. Манаш ағаның «Методологиялық маңызы бар мәселенің бірі «ұлт-азаттық қозғалысы», «Отан соғысы», «ұлт-азаттық революциясы», «демократиялық қозғалыс» сияқты ұғымдар, олардың ішкі мазмұны. Ұлт-азаттық қозғалысы отар елдерге тән, ал елде ұлттық езгі барша халықты қанайды, сондықтан да ұлттың әртүрлі әлеуметтік топтарының мүддесі бір ұлттық арнаға құйылады. Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі

мақсаты ұлтты өзгеден азат ету, оның ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеттілігін, дербестігін қалпына келтіру» деген сөзі бар [3].

Мектеп оқушылары мен білім алушыларға тарихымыздағы елеулі де күрделі кезеңдер - XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы, отаршылдыққа қарсы жүргізілген күрес басшылары, көрнекті тұлғалар жөнінде танымдық-зерттеулік сабақтар беру аса маңызды екені айқын. Оның бірнеше міндеттері бар, олар:

- ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы тұтас үдеріс ретінде үлкен рөл атқаратынын, мазмұны терең екенін білу.

- қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне үлкен назар аударып жүгіну керектігі.

- бүгінгі таңда ұлтымыздың ұлт-азаттық күрестері отаршылдыққа қарсы өз елінің ұлттық мүддесін қорғап, мемлекеттілікті қайта қалпына келтіру мұратындағы азаттық қозғалысы екенін түсіндіру.

- дербес ел жағдайында бұл тұрғыда әртүрлі зерттеулік кітаптар, оқу материалдары жарық көргенімен бірқатар күрделі мәселелер әлі анықтауды қажет ететіндігі.

Мектепте Қазақстандағы XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы «Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс (1783-1797)», «Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1822-1825)», «Қасым Абылайұлы және Саржан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстар (1825-1836)», «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілісі (1836-1838)», «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847)», «Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс (1856-1857)», «Есет Көтібарұлының бастауымен болған көтеріліс (1847-1858)» тақырыптарымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті [стандартына](#) сәйкес әзірленіп ұсынылған оқу бағдарламасы бойынша «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 192 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылған [4].

Теориялық талдау

Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың жетекшілері – көшбасшы болған ірі тарихи тұлғалар.

Сырым Датұлы басқарған ерлік жолы - ұлт-азаттық қозғалыс тарихында ұзақ, он төрт жылға созылған қаһармандық күрес болды. Сырым Датұлы - өзі батыр, өзі би, өзі басшы тау тұлға. Сырым батыр және ол бастаған азаттық күресі бойынша көптеген зерттеулер жүргізілген, соның ішінде Сырым Датұлының қозғалысының тарихын егжей-тегжейлі зерттеген бірден-бір адам орыс тарихшысы Михаил Порфирьевич Вяткин. Оның 1947 жылы жарияланған «Батыр Сырым» атты еңбегінде Ресей империясының қазақ жерін отарлауын, оның зардабын, Сырым бастаған қозғалыстың тәуелсіздік үшін жүргізілгендігін нақтылады. Бұл кітап тіпті Сталиндік, қазіргімен айтқанда Мемлекеттік сыйлыққа ие болған екен, кейін заман өзгеріп, бірнеше жылдан кейін КСРО-да Сырым Датұлының есіміне тыйым салынады. [5]

Сырым батыр жетекшілігіндегі ұлт-азаттық қозғалысы кезінде елде билік жүргізген Нұралы хан. Бізге XVIII-XIX ғасырлардағы Сырым бабамыздың, Нұралы ханның суреттері жеткен жоқ. Бірақ Нұралы ханның әкесі Әбілхайыр ханның суретші салған бейнесі бар. Ол ағылшын саяхатшысы Джон Кэстль хан Ордасында барған сапарында салған атақты тарихи тұлғаның портреті. 1993 жылы алғашқы ұлттық валютамыздың 50 теңгелік банкнотында Әбілхайыр ханның портреті осы сурет негізінде бейнеленген

болатын. Қазіргі кезде зерттеуші ғалымдар тарихи суреттер жөнінде жазған мақалаларында жете таныс болып қалған және тарихи оқиғаларды суреттеп жазуда пайдаланып келе жатқан суреттерді де сұрыптап пайдалану мәселесі туралы ой қозғайды. Д. Кэстель салған Әбілқайыр хан бейнесі еуропалық жас жігіттің бейнесі болып шыққан деп беріледі [6].

Жоламан батыр - Сырым Датұлы қозғалысының белсенді жетекшілерінің бірі Тіленші батырдың ұлы, жоғарыда атап өткен Әбілқайыр ханның басты қолдаушыларының бірі, қазақ-қалмақ соғысының қаһарманы, 1710 жылы Қарақұм құрылтайында бас қолбасшы болып сайланған Бөкенбай Қарабатырұлының немересі.

Қасым сұлтан - Абылай ханның отыз ұлының ең кенжесі. Оның балалары – Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек, Кенесары және Наурызбай жиырма жылға жуық уақытқа созылған күрестің табанды қатысушылары, ал солардың ішіндегі Саржан, Есенгелді, Кенесары оны ұйымдастырушылар ретінде тарихқа енді.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілісі – Қазақстанның батыс аймағында отаршылдық озбырлық пен езгіге қарсы күрес туын жаңа сатыға көтеріп, бұқараның сана-сезімінің оянуына үлкен ықпал еткен қозғалыс болды. Үстіміздегі 2021 жылғы айтулы тарихи даталардың қатарында Исатай Тайманұлының 230 жылдығы аталып өтеді. Көтеріліс тарихын алғаш зерттеушілердің бірі А. Рязанов «Исатай Тайманұлы – қазақтың ұлттық батыры» десе, Қайсарлықпен өмірінің ақырына дейін азаттық үшін арпалысып өткен тұлғаны Халел Досмұхамедов тек Исатай ғана “өлгенінше көпті соңына ерте алды” деп жазды [7]. Махамбет Өтемісұлы да батыр, импривизатор ақын, Исатай қолбасшыға жанынан табылып, өз өлеңіндегідей қосшы болып, азаттық үшін қаһармандық күрестің жетекшісі де бола білген ірі тұлға. Махамбет батырдың от жалынды жырларынан оның зор тұлғалық болмысын тани түсеміз, ақыл мен қайраткерлігіне тәнті болатынымыз анық.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс қазақ жерінде үш жүздің халқын түгелге жуық қамтыған және ұзақ уақыт бойы жүргізілген көтеріліс еді. Кенесары хан көтерілісі патша өкіметінің отарлау саясатын ширықтыра жүргізетін сәтін біраз кешеуілдетті. Көтеріліс отаршылдық саясатты қазақ даласына енгізудегі соңғы тосқауыл, ақырғы қамал сияқты болды.

Батысгермандық тарихшы Э. Саркисянц Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы айта келіп: «Кенесары жағында бес орыс, көптеген башқұрттар, татарлар, қарақалпақтар, өзбектер және қырғыздар күрес жүргізді... Кенесары кейін бүкіл Орта Азияда азаттық күрестің ту ұстаушысына айналды» деп жазады [8]. Шетелдік зерттеушілердің қатарында Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс туралы тарихнамалық материалдар қалдырған поляк революционері А.А. Янушкевичті де айтып өтуге болады. XIX ғасырдың ортасында қазақ даласында ұзақ мерзімді айдауда болып, генерал-майор Вишневскийдің басшылығымен 1846 жылы Ұлы жүз бен Орта жүздің шекаралық аймағында мал мен халық санының есебін жүргізген экспедициясына қатысқан Адольф Янушкевичтің Кенесары жетекшілігіндегі қазақ халқының азаттық жолындағы күрескерлік қозғалысы жөнінде іштей қолдау білдіріп жазған деп айқындауға болады. Өйткені оның өзі де мұның алдындағы, 1831–1833 жылдардағы Польша азаттық қозғалысына атсалысқан еді. А. Янушкевич қазақ ханы Кенесарыны бірде Рим империясына қарсы соғыс жүргізген Нумидия патшасы Югуртамен, енді бірде XIX ғасырдың 80-жылдарындағы Алжир халқының ұлт-азаттық күресінің жетекшісі әбд-әл-Қадермен салыстырады. «Наурыз айында үйсіндер елшілігі Омбыда болып, өздерінің келешек тағдыры жөнінде келісіп жатқанда, біздің Абд-Эль-Кадер-Кенесары сұлтан өзінің жақтастарымен Ұлы жүзді қайта шапты. Ол қарулы қолмен Іленің мұзынан өтіп, Жетісуға жетіп, үйсіндерге Ресеймен қарым-қатынас жасаудан бас тартуға үндеу таратты» [9]. Бұл еңбек 1861 жылы «Адольф Янушкевичтің өмірі» деген атпен кітап болып жарық көрсе, 1875 жылы Берлин қаласынан кітаптың екінші басылымы шығарылған екен.

XIX ғасырдың ортасында болған Жанқожа Нұрмұхамедұлы және Есет батырлардың бастауымен болған көтеріліс тарихымыздағы ұлт-азаттық қозғалыстарға сабақтасқан ерлік күресінің жалғасы болды.

Халық батырларының ішінде бүгінгі күнге өмірдегі суретті және фотобейнесі жеткен тұлға – Көтібарұлы Есет батыр. Есет батыр жөнінде деректерді XIX ғасырда өзінің көзі тірісінде онымен кездескен жиһангерлер, тарихшылар, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері жазып кеткен. 1856-1861 жылдары Ресей сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры болған Егор Ковалевский Хиуа сапары кезінде Есет Көтібарұлымен кездескенін былайша суреттейді: «Арал маңындағы Кіші жүз қазақтарының кейбір топтарынан құрылған отаршылдыққа қарсы қозғалысты басқаруынан бұрын Есетті сайын дала торабынан кездестірдім. Есет Геркулес сияқты атлетикалық дене бітімді, сұлу келбетті және ерлік іс-әрекеттері кез-келген еуропалықты таңғалдыратындай және бұл қасиеттері өз отандастарына да қатты әсерін тигізген». Қосымша айта кетер болсақ, осы Ковалевский ұлтымыздың үш ірі тұлғасымен жүздескен адам. Олар: Есет батыр, Махамбет Өтемісұлы және Шоқан Уәлиханов [10].

XIX ғасырдағы қазақ даласын еуропалықтарға алғаш рет таныстырған поляктың демократ-революционері, суретші Бронислав Залесский 1865 жылы Парижде француз тілінде шығарған «Қазақ сахарасына саяхат» деген кітабында: «Мен бір күнімді Есет Көтібаров есімді қырғызбен өткіздім. Ол осы замандағы қазақ даласына танымал ерекше тұлға... ол көсем болып қалды... және қазының міндетін атқарды» деп жазған. Б.Залесский осы сапарында қара қарындашпен Есеттің қырынан отырған суретін салып алған. Салынған сурет пен батырдың басылым беттері мен интернетте жарияланып жүрген фотосуретімен қатты ұқсастығына қарап, суретшінің шеберлігін байқаймыз.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы - бүкіл саналы ғұмырын Хиуа, Қоқан және Ресей империясының отаршылдық басқыншылықтарына қарсы өз елінің тәуелсіз болуын мұрат тұтып күрес жүргізген аса ірі тұлға. Жанқожа батыр 1836 жылы Әмудария мен Сырдария арасында орналасқан Хиуаның әскерлеріне қарсы күресті бастады. 1842 жылдың күзінде оның жасағы Хиуаның ірі бекінісі Бесқаланы, 1843 жылы Қуандариядағы Хиуа бекінісін қиратты, ал 1845 жылдың көктемінде Сырдарияның төменгі ағысындағы бекіністерді қалпына келтіру үшін Хиуа ханы жіберген саны екі мың адамға жететін жау әскерлерін талқандайды. Сол 1845 жылы жаздың соңында Кенесары хан Қоқанға қарсы күресін бастай отырып, Жанқожа батырдан көмек сұрады.

Ресейдің Арал өңірін жаулап алуы, жердің тартып алынуы халық бұқарасының жағдайын ауырлата түсті. Еңбекші халық арасындағы наразылық жыл өткен сайын арта түседі ашық көтеріліске ұласты. 1856 жылдың аяғына қарай басталған қарулы күреске орыс жазбаларында жаратылысынан ақылды да мықты деп бейнеленетін Жанқожа Нұрмұхамедұлы басшылық жасады.

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі күнде батыр жөнінде көптеген ізденістер жүргізіліп, зерттеу материалдары жарияланса да өмір сүрген жылдары туралы жаңсақ мәліметтер әдістемелік-педагогикалық журналдарда басылған материалдарда жарияланып келеді. Бұл негізі Л. Мейердің жазбасы бойынша алынып, сол бойында түскен цифрлар [11]. Қазіргі кезде батыр бабадан қалған мұра ретінде өз сауыты ұрпақтарының қолында сақтаулы.

Кенесары Қасымұлы көтерілісі басып жаншылғаннан кейін қазақтың соңғы ханының артында қалған әулетінің басына сындарлы күндер туады. Мұның бір мысалы ретінде Кенесары отбасының атамекеннен алыс Қоқан хандығы жерінде тұрақтағанын айтсақ та жеткілікті. Қоқан хандығында жүрген жылдары Садық (кейде Сыздық, Сыдық) ұлт азаттығының қасиетті байрағын қайта көтеру мұратын өмірлік ұстанымы тұтқан тұлға боп қалыптасты. Сыздық сұлтан Кенесары ханның кіші әйелінен туған бес ұлдың төртіншісі болатын.

1861 жылы Ташкент құсбегі Қанағат бастаған қазақ-қоқан біріккен жасағының жасаған жорығында, оңтүстік өңірінің шығысында Ресей империясы мен Қоқан хандығы әскерлерінің Верный қамалына жақын жердегі Ұзынағашта үлкен шайқас болған еді. Ол шайқаста Кенесары Қасымұлының үш баласы Тайшық, Ахмет және Сыздық сұлтандар да қатысып, қоқандықтар жеңіліс тапқаннан кейін олардың келешегіне сенбеген Тайшық пен Ахмет Россия жағына шығып кетті де, Сыздық сұлтан қалып қойды [12]. 23 жасар Сыздық осы шайқастан соң азаттық күресті жалғастыру үшін Бұхара әмірлігіне кетеді.

Кейін Сыздық Шымкент уезіне қайтып оралып, інісі уезд бастығының көмекшісі Ахметтің кеңесімен Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның атына осы жерде қоныстануға рұқсат сұрап, өтініш жазады. Сыздық сұлтан өмірінің соңына дейін Арыс өзенінің бойында, кезінде бабасы Абылай хан уақытша қоныс қылған бүгінгі Сайрам ауданына қарасты Ханқорған маңында патша өкіметінің бақылауында өмір кешеді.

Қорытынды

Қазіргі тәуелсіздіктің тұғырын нығайту жолында өткен тарихымызға, оның ішінде ұлтымыздың ұлт-азаттық күресіне қайта-қайта назар аударып жүгінгеніміз жөн. Ал ол ұлт-азаттық күрес тарихымыз шынайы болуы тиіс, сондықтан халқымыздың басынан өткен ұлт-азаттық қозғалыстар мен тәуелсіздік жолындағы күрестер тарихы өзекті болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының президенті. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Egemen KazaKstan № 2 (29981) 5 қаңтар, 2021 жыл. Б.2
2. // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал Желтоқсан 12 (217) 2020 Б. 15
3. Қозыбаев Манап. Шығармалары. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Т.3. Б. 281
4. Интернет ресурс: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016887/links>
5. Интернет ресурс: <https://el.kz/amp/news/archive/content-20822/>
6. Д. Салқынбек. Тарихи суреттерге талғаммен қарайық // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал Наурыз 3 (220) 2021 Б. 8
7. Аманкелді ШАМҒОНОВ. Азаттық аңсаған алдаспан Исатай Тайманұлының күрескерлік хақы қақында // Egemen KazaKstan, № 2. 5 қаңтар, 2021 жыл. Б.13
8. К.Л. Есмагамбетов. Что писали о нас на Западе. Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. Б.128
9. Янушкевич Адольф. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. *Аударған Ғабит Зұлхаров*. Астана: аударма, 2003. Б.60
10. Интернет ресурс: С. Хасан. Есет батыр британ тыңшысын қалай құрықтады? <http://old.aikyn.kz/ru/news/show/16754-eset-batyr-britan-ty-shysyn-alai-ry-tady>
11. Мейер Л. *Киргизская степь Оренбургского ведомства*. СПб., 1865. 84-85 бб. *Қараңыз:* Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 – том. – Алматы: «Атамұра», 2010. Б.394
12. Жолдасов С. Қазақстанның оңтүстік өңірінің тарихы (көне заманнан бүгінге күнге дейін). Алматы: «Үш Қиян», 2009. Б.249

Referens list:

1. Kasım-Zhomart Tokaev, Kazakstan Respwblikasınıñ prezidenti. Täwelsizdik bärinen Kımbat // Egemen Kazakstan № 2 (29981) 5 Kañtar, 2021 jıl. B.2
2. // Kazakstan tarihi: adistemelik jurnal Zheltoksan 12 (217) 2020 B. 15
3. Kozıbaev Manaş. Shıǵarmaları. Almatı: «Kazak énciklopediyası», 2013. T.3. B. 281
4. Internet resurs: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016887/links>
5. Internet resurs: <https://el.kz/amp/news/archive/content-20822/>

6. D. Salkınbek. Tarihi suretterge talğammen Karayık // Kazakstan tarihi: adistemelik jurnal Nawrız 3 (220) 2021 B. 8
7. Amankeldi Shamğonov. AzattıK ańsağan aldaspan Isatay Taymanulınıń kureskerlik haki KaKında // Egemen Kazakstan, № 2. 5 Kańtar, 2021 jıl. B.13
6. D. Salkınbek. Tarixi swretterge talğammen Karayık // Kazakstan tarihi: adistemelik jurnal Nawrız 3 (220) 2021 B. 8
7. Amankeldi Shamğonov. Azattık ańsağan aldaspan Isatay Taymanulınıń küreskerlik xaKı KaKında // Egemen Kazakstan, № 2. 5 Kańtar, 2021 jıl. B.13
8. K.L. Esmagambetov. Çto pisali o nas na Zapade. Alma-Ata: «Kazak universiteti», 1992. B.128
9. Yanushkevich Adolf. Kazak dalasına sapar turalı zhazbalar. Awdarğan Ğabit Zulharov. Astana: awdarma, 2003. B.60
10. Internet reswrs: S. Xasan. Eset batır britan tıñsısın Kalay Kurıktadı? http://old.aikyn.kz/ru/news/show/16754-eset_batyr_britan_ty_shysyn_alai_ry_tady_
11. Meyer L. Kirgizskaya step Orenburgskogo vedomstva. SPb., 1865. 84-85 bb. Karañız: Kazakstan tarixı (köne zamannan büginge deyin). Bes tomдық. 3 tom. Almatı: “Atamura”, 2010. B.394
12. Zholdasov S. Kazakstannın ontustik onirinin tarihi (kone zamannan büginge kunge deyin). Almatı: «Ush Kiyan», 2009. B.249

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Қабыл Алғабек** – «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы. М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан. algabek-kabil@mail.ru